

"Әкелу кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесі мөлшерлемелер көлемі және олардың қолдану мерзімі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 754 бұйрығының қолданысын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 777 бұйрығы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданылу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 40-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 шешімі күшіне енгенге дейін «Әкелу кедендік бажы қолданылатын тауарлар тізбесі мөлшерлемелер көлемі және олардың қолдану мерзімі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 754 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12390 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда жарияланған) қолданысы тоқтата тұрсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне хабарлауды;

2) бір апта мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж о л д а н у ы н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 18 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ұлттық экономика министрі

Қ а з а қ с т а н
Е. Досаев

Р е с п у б л и к а с ы

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н
Э к о н о м и к а л ы қ
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
и н т е г р а ц и я

і с т е р і *м и н и с т р і*

Ж. Айтжанова

2015 жылғы «_____» _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК